

8D02310-Филология мамандығы бойынша ұсынылған Амирова Гаухар Оразбаевнаның Өз-Замахшаридің «Мукаддимаг әл-Адаб» сөздігінің тілдік ерекшелігі (Н.Н.Поппе басылымы. Түркі сөздері негізінде) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

p/c №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	8D02310-Филология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған Амирова Гаухар Оразбаевнаның Өз-Замахшаридің «Мукаддимаг әл-Адаб» сөздігінің тілдік ерекшелігі (Н.Н.Поппе басылымы. Түркі сөздері негізінде) тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның жаңа даму бағыттарына сәйкес келеді
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның ағауы мен немірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның ағауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен	Зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді: 1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 2. Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы). 3. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 2023 жылдың 8 қыркүйегіндегі Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың 2024-2026

		ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	жылдарға арналған ғылым дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты және «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» бағыты
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыста докторант орта ғасырлардағы түркі тіліне қатысты жазба ескерткіштердің (оғыз, қарлұқ, қыпшақ) зерттелу тарихына салыстыра талдау жасай отырып, осы тарихи мұралардың ішіндегі Өз-Замахшаридің «Мукаддимаг әл-Адаб» сөздігінің түркі тілдері тарихында алатын орнын белгілеген. Тілдік тұрғыдан ғылыми зерттеу жұмысын жүргізе отырып диссертант Өз-Замахшаридің «Мукаддимаг әл-Адаб» сөздігі деректерін қазіргі қазақ тілі материалдарымен, қажетті тұстарда өзге түркі тілдерімен, көне түркі жазба ескерткіштер тілімен салыстыра талдаған. Бұл зерттеу жалпы түркі тілдерінің ұзақ әрі күрделі даму нәтижесінде орныққан фонетикалық, морфологиялық, лексика, синтаксистік ерекшеліктер мен ұқсастықтардың қазіргі қазақ тілінде сақталу дәрежесін анықтап, түркі тілдері тарихында жазба ескерткіштердің маңызын көрсететін түркітану ғылымындағы салыстырмалы зерттеу бағытындағы жұмыстардың дамуына елеулі үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу принципі бойынша жазу деңгейі жоғары. Зерттеу жұмысында академиялық жазу қағидалары орындалып, ғылыми жұмыстың стильдік ерекшеліктері мен оған қойылатын талаптар сақталған. Докторант зерттеу барысында тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын негізге алған. Зерттелуі қажет, маңызды мәселе нақты айқындалып, соған сәйкес әдіс-тәсілдер дұрыс таңдалған. Жарияланымдары диссертация мазмұнына толық сәйкес келеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген;	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Тарихтың қай кезеңіне көз салсақ та, замана алмасып, қоғам өзгергенмен, өзінің биігінде қала беретін жалпы халықтық мәдени, әдеби мұралар болады. Солардың бірі-көне тарихтың куәсі түркі

	<p>3) негізделмеген.</p>	<p>ескерткіштері. Түркі халықтары ұлттық этникалық тұрғыдан әбден қалыптасып, әрқайсысы жеке халық ретінде бөлініп шыққанға дейін ру-ұлттық дәуірде бірге көшіп - қонып жүргені мәлім. Осындай кезеңдерде жасалған түркі тектес халықтардың бөріне ортақ, бөріне бірдей тарихи, әдеби қазына болып табылатын жәдігерліктердің тілін зерттеу-түркі халықтарының түп-төркінін, ежелгі дәуірін, бұрын-соңды тарихын бүгінгі күн талабына сай ғылыми тұрғыдан танып білуге негіз болады. Халықтың сан ғасырлар бойы сақтап келген асыл қазыналарын, мұраларымызды танып білу қоғамымыздың әр азаматының рухани жағынан кемелдене түсуіне игі әсер етері анық, ал түркі жазба ескерткіштеріне тілдік талдау жасау қазақ тілінің түркі тілдерінің даму және қалыптасуы тарихындағы өзіндік ерекшеліктерін нақтылап көрсетуде қажетті зерттеу, өзекті мәселе.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны тақырыбын жанып айқындайды. Зерттеу жұмысының үш тарауы өзара ішкі бірлікті сақтаған, үш тарауда да Өз-Замахшаридің «Мукаддимаг әл-Адаб» сөздігі тілінің ерекшеліктері хронологиялық реттілікпен жүйеленген. Бірінші тарауда орта ғасырлардағы түркі тіліне қатысты жазба ескерткіштер (оғыз, қарлұқ, қыпшақ) бойынша зерттеулер мен тұжырымдар талданып, ғалымдардың пікірі сараланған. Екінші тарауда Өз-Замахшаридің «Мукаддимаг әл-Адаб» сөздігі тіліне құрылымдық талдау жасалып, лексемалардың дыбыстық, мағыналық, грамматикалық, синтаксистік ерекшеліктері қазақ тілімен салыстыра талданған.</p> <p>Үшінші тарауда Өз-Замахшаридің «Мукаддимаг әл-адаб» ескерткіші тіліндегі зағтық, сындық атаулар, егістіктер, сөз таптары салстырыла талданып түркі сөздерінің тарихи-лингвистикалық сипаты айқындалған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді;</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және диссертант іздену барысында қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген. Жұмыста ортағасырлық Өз-Замахшаридің «Мукаддимаг әл-Адаб» сөздігінің тілін, дыбыстық жүйесін және сөздік қор мен құрамын,</p>

	<p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>дербес сөздердің морфологиясын және сөз таптарының ерекшеліктерін, есімді, етістікті сөз тікестерінің берілу және байланысу жолдарын анықтап, ғылыми айналымға түсіру көзделген. Зерттеу мақсатына сәйкес белгіленген міндеттерді орындау арқылы диссертант мақсатына толық қол жеткізген. Атап айтқанда, докторант ортағасырлық ескерткіштердің зерттелу тарихына шолу жасай отырып, Өз-Замахшаридің «Мукаддимаг әл-Адаб» сөздігінің тілінің фонетикалық жүйесі анықтауға тырысқан. Сөздік тіліндегі дыбыстардың анлаут, инлаут, ауслаут позициядағы қолданыс ерекшеліктерін нақтылаған. Түркітану ғылымындағы лексикологиялық зерттеулердің тұжырымдарына сүйене отырып, ескерткіш тіліндегі синоним, омоним, антонимдерді, жалпытүркілік сөздер мен кірме сөздерді ажыратқан. Ескерткіш тіліндегі сөз түрлендіруші және сөз тудырушы жұрнақтарды анықтап, қызметін талдаған. Ескерткіш тіліндегі сөз таптарының қазіргі қазақ тілінде толықтай көрніс беретіндігін салыстырмалы зерттеулер арқылы дәйектеген. Есімді, етістікті сөз тіркестерін, сөз түрлері мен сөйлем мүшелерін талдау негізінде ескерткіш тілінің синтаксистік ерекшеліктерін айқындаған. Ескерткіш тіліндегі атауларды жинақтап, сөздерді этимологиялық талдауда басшылыққа алынатын фонетикалық, морфологиялық, семантикалық принциптер негізінде сөз мағыналарын талдаған.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Бірінші тарауда ортағасыр жазба ескерткіштері және «Мукаддимаг ал-Адаб» сөздігінің жазылу тарихына шолу жасау арқылы қазіргі қазақ, түркі тілдерінің дамуындағы тарихи ескерткіштердің маңызы ашылған. Екінші тарауда ескерткіш тіліне құрылымдық талдау жасау негізінде тілдік бірліктердің қазақ тілімен фонетикалық, мофологиялық, лексикалық, синтаксистік сабақтастығы дәйектелген. Үшінші тарауда жазба ескерткіш тіліндегі заттық, сындық атаулар, етістіктер, сөз таптарының семантикасы, қолданысы мен қызметі сараланған. Жұмыстың әрбір бөлімі мен тараушалары өзара логикалық байланыста жазылған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толықтай өзара байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерге қатысты сыни талдау бар. Ізденуші оларды бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра отырып толықтырған. Мысалы, ескерткіш тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың сөз басы, сөз ортасы, сөз соңында қолдану ерекшеліктерін, ескерткіш тіліндегі көрніс тапқан фонетикалық өзгерістердің қазіргі қазақ тілінде де сақталғанындығын диахронды, синхронды талдау негізінде түсіндіре білген.</p> <p>Стильдік жағынан не мағыналық жағынан өзгешеленіп тұратын синоним сөздердің қолданысы талдап көрсеткен, омонимдердің мағыналық түрлерін ажыраға отырып, бірнеше сөз табына қатысты аралас омонимдердің ескерткіш тіліне тән құбылыс емес екендігін нақтылаған, антонимдердің сын есім мен етістіктерден көбірек кездесетіндігін, ал үстеу мен зат есім жасалған антонимдер аз қолданылатынын жинақтап талдаған. Араб, парсы, моңғол тілдерінен енген сөздерді лексикалық тақырыптық топтарға жіктел, кірме сөздердің ескерткіш тіліне орныққан уақыты, негізгі себебін тарихи-тілдік факторларға сүйене отырып дәйектеген, түркілік төл сөздер мен кірме сөздердің сөздік қорды байытудағы маңызын ашқан. Ескерткіш тіліндегі сөз таптары нақтыланып, сөз тіркестерінің өзіндік ерекшеліктері мен есімді, етістікті сөз тіркестерінің грамматикалық және мағыналық жағынан байланысу жолдары, сөйлем түрлері жан-жақты дәйектелген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Өз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігінің тіліне құрылымдық толық талдау қазақ тілімен салыстырыла зерттеу арқылы жүзеге асқандықтан, ескерткіш тіліндегі тіл салалары бойынша алынған нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертациялық зерттеу нәтижесінде жасалған қорытындыларын толығымен жаңа деп санауға болады. Ортағасырлық Өз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» сөздігі шет елдік, отандық танымал түркітанушы ғалымдардың зерттеу нысанынан тыс қалмай, тілдік</p>

	<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>тұрғыдан қарастырылғанымен де, ескерткіштер тілінің деректерін қазақ тілімен сабақтастыра талдап, кешенді түрде зерттеген алғашқы диссертациялық жұмыс болып табылады.</p> <p>1) Сөздік тіліндегі лексемалардың фонетикалық ерекшеліктерін, жеке дыбыстардың сөз позициясында қолданылуын, үндестік заңдылығының ерекшеліктерін, дауысты және дауысыз дыбыстардың өзара алмасу заңдылықтарын қазіргі қазақ тілімен салыстыра талдай отырып өзгешелігі мен ұқсастықтары ажыратып дәйектеу толығымен жаңа болып табылады деп есептейміз. Ескерткіш тіліндегі дыбыстық өзгерістерді сипаттап ұсыну түркітану ғылымында орныққан дыбыстардың тарихы туралы ғылыми теорияға өзіндік үлесін қосатыны анық.</p> <p>2) Орта ғасырдағы мәдениет мен әлеуметтік жағдай, саяси өмірі туралы мәліметтер беретін ескерткіш тіліндегі антоним, омоним, синоним, кірме сөздердің жасалу жолдары, қызметі мен қолданыс ерекшеліктері жан-жақты талданып ұсынылған. Сондықтан да, бұл зерттеу нәтижесін толығымен жаңа деп есептейміз.</p> <p>3) Ескерткіш тілінің сөздік құрамындағы есімдерден есім сөз тудырушы жұрнақтарды талдап, көне түркі тілдерінде қимылды жасайтын етістіктен есім сөз тудырушы жұрнақтар кейіннен субстантивтеніп өнімді жұрнаққа айналғандығын дәйектелген. Көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғаулардың түрлену ерекшеліктерін анықтап, олардың шығу төркіні туралы өзіндік қорытынды жасап отырған. Ескерткіш тіліндегі сөз таптарының қазіргі қазақ тілімен ұқсастықтарын талдай келе, сөз таптарын құрамына және мағыналық жағына қарай ажыратып, ұсынған. Бұл толығымен жаңа нәтиже.</p> <p>4) Ескерткіш тілінде есімді, етістікті тіркестер ажыратылып, жай сөйлемдердің кездесетіндігі, құрмалас сөйлемнің түрлері жоқ екендігін де салыстырмалы талдаулар арқылы нақтылап, синтаксистік құрылым туралы да қорытынды тұжырым жасау толығымен жаңа нәтиже деп есептейміз.</p> <p>5) Ескерткіш тіліндегі заттық, сындық, сандық мағына беретін сөздермен қатар, есімдік, шылау қызметінде жұмсалатын сөздерді көне</p>
--	---	---

			<p>түркі жазба ескерткіштер тілімен, сонымен қатар, қазіргі қазақ, түркі тілдерімен салыстыра отырып жалпытүркілік атаулардың шығу төркінін, грамматикалық ерекшеліктерін нақтылы тілдік деректер арқылы дәйектелгендігі толығымен жаңа нәтиже.</p> <p>б) Тарихи лексикографияның дамуына өзіндік үлес қосатын жаңа нәтиженің бірі – бұл сөздіктегі түркі сөздерінің қазіргі қазақ әліпбиі бойынша транскрипцияланып, сөздіктің жасалуы болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми теориялық, практикалық тұрғыдан негізделген. «Өз-Замахшаридің «Мукаддима ал-Адаб» сөздігінің тілдік ерекшеліктерін қазақ тілімен салыстыра зерттеу ортағасырлық ескерткіштердің түркі тілдері тарихында алатын маңызын айқындайды және қазақ тілінің даму және қалыптасу тарихына қатысты зерттеулерді жаңа нәтижелермен толықтырады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағида бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p>	<p>Диссертациялық жұмыста жасалған барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>Зерттеу қорытындылары Өз-Замахшаридің «Мукаддима ал-Адаб» сөздігінің тілдік ерекшеліктерін қазақ тілімен салыстыра зерттеу негізінде кең көлемде талданған.</p> <p>7.1 Диссертациялық жұмыста қағидағтар дәлелденген.</p> <p>«Мукаддима ал-Адаб» ескерткішінің фонетикасы қазіргі қазақ тіліне ұқсастығы түркі тілдерінің даму барысында қалыптасқан тарихи дыбыстық өзгерістердің нәтижесі.</p> <p>- «Мукаддима ал-Адаб» ескерткіші тілінің ареалдық жағынан алшақтығына қарамастан лексикалық қоры қазақ тіліне ұқсас, диссертацияда бұл нәтиже, омоним, синоним, антонимдік мағынадағы сөздерге лексика-семантикалық, грамматикалық талдау жасау арқылы дәйектелген.</p>

	<p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>- Түркі-парсы-араб сөздерінің ортақ сипаты анықталып, қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы анықталған.</p> <p>- Ескерткіш тілінің морфологиялық құрамы таданып, өлі және тірі түбірлер, қосымшалардың тарихы мен қолданыс ерекшеліктері анықталған.</p> <p>- Қазіргі қазақ тілінде қолданылатын сөз тіркестерінің есімді, етістікті байланысу тәсілдері «Мукаддимаг әл-Адаб» ескерткіші тіліндегі сөз тіркестерімен ұқсастығы дәлелденген.</p> <p>- «Мукаддимаг әл-Адаб» ескерткіші тілінің синтаксистік ерекшеліктері қарастырылып, сөз тіркестрінің жасалу жолдары айқындалған.</p> <p>7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.</p> <p>7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидағтар жаңа.</p> <p>7.4 Диссертация қағидағтарының қолданылу деңгейі кең.</p> <p>7.5 Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері бойынша, отандық және шетелдік ғылыми басылымдар мен ғылыми-теориялық, халықаралық конференцияларда 8 мақала жарияланған. Оның ішінде 1 мақала Scopus базасында импак-факторы жоғары журналда Q1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған журналдарда 2 мақала, Арнайы басылымда 1 мақала. Отандық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен ғылыми журналдарда 4 мақала жарық көрді Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді, жұмыс толық апробациядан өткен.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауларында нақты сипатталған. Зерттеу жұмысының мақсат-міндетіне сай тілдік деректерді жинақтау, талдау, жіктеу, сипаттау, салыстыру ғылыми әдістері тиімді пайдаланылған.</p>

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталмаған</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдануды талап етпейді. Диссертация тілі тарихына қағысты мәліметтерді талдауға негізделгендіктен тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісі тиімді қолданылған.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. «Мукаддимаг әл-Адаб» ескерткішінің мәтіндегі сөздер (1200-ге жуық) реестрге алынып, транскрипциясы жазылып, түркі тілдері мен қазақ тілі сөздігі жасалынған. Нысанға алынған сөздерді лексикалық талдау барысында ескерткіш тіліндегі сөздердің 70 пайызы түркі сөздері, ал араб тілінен енген элементтер 22 пайызды, парсы сөздері 6 пайызды, ал монғол сөздері 4 пайызды құрайтындығы дәлелденіп, расталған.</p> <p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында пайдаланылған әдебиеттердің бір бөлігін түркітанушы кеңестік дәуірдегі танымал түркітанушы ғалымдардың еңбектері құраса, екінші бір қомақты бөлігін отандық тілтаным саласында мойындалған, өзіндік орны бар зерттеушілердің еңбектері құраған.</p>
--	--	--	---

9	Практикалық құндылық принципін	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Қаралған, сараланған ғылыми әдебиеттің жалпы саны – 163. Қосымша екі тілді, түсіндірмелі, диалектілік жалпы 13 сөздік пайдаланылған.</p> <p>Ізденушінің алған нәтижелері түркітану ғылымы және қазақ тіл білімі теориялық негіздерін толықтыруға өзіндік үлес қосады. Еңбекте тұтастай қамтылған тарихи фонетикалық, тарихи грамматикалық, синтаксистік талдаулар ескерткіштер мен қазіргі қазақ тілін салыстыра одан әрі зерттеуге, қазіргі және көне құбылыстардың өзіндік ерекшеліктерін анықтауға түрткі болады.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертация нәтижелерін түркітанудың теориялық және практикалық негіздерін оқытуда, оқу құралдарын құрастыру барысында, сондай-ақ түркі тілдерінің тарихы мен сөздіктерін құрастыруда қолдануға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы		<p>Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Диссертация нәтижелерін жоғары оқу орындарында жүргізілетін «Түркітануға кіріспе», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Қазақ жазуының тарихы» сияқты пәндер және фонетика, лексика, грамматика салалары бойынша оқылатын дерістер мен арнайы курстарда зерттеудің нәтижелерін пайдалануға болады. Бұл еңбектің практикалық маңызын айқындайды.</p> <p>Ғылыми жұмыста келтірілген нәтижелер мен ұсыныстар тілшілермен қатар тарихшы, шығыстанушы ғалымдар үшін де қызығушылық тудырады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Ғылыми стильде жазылған. Диссертацияда нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>1) Диссертант ескерткіштер тіліндегі кейбір дыбыстық ерекшеліктерді талдау барысында тарихи дыбыстық өзгерістер және қазіргі тілге тән</p>

			<p>фонетикалық, комбинаторлық-позициялық алмасулардың ара жігін толық ажыратып бермеген. Мысалы, 2.1 «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің фонетикалық ерекшелігі» тараушасында сөз басындағы й дауыссызы мен сөз ортасындағы дифтонг и дыбыстарының өзгерісін бір құбылыс ретінде талдаған (27 б.).</p> <p>2) Диссертанттың «сөз басындағы ж дыбысының й-мен берілуі орта ғасырлардан бастап келе жатқан емле екені белгілі. уетміш /йетміш/ – жетпіс (30 б.) деген қорытынды жасауы да түркі тілдеріндегі сөз басындағы й-ж өзгерістері туралы ғылыми тұжырымдармен сәйкес емес. Аталған өзгеріс орта ғасырда қалыптаспаған.</p> <p>3) «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткіші тіліндегі әр түрлі фонетикалық құбылыстар деп аталатын тараушада диссертант қазіргі қазақ тіліндегі қазіргі фонетикалық заңдылықтармен түсіндірілетін дыбыстық құбылыстарды ескерткіш тіліндегі деректермен тепе-тең процес ретінде талдауға тырысқан. Ескерткіш тілінде guze tuqan /рузе тутқан/ ораза тұтқан (34 б.), ip /іп–жіп, уег/йер/– жер деген тұжырымда берілген сөздердің протеза, ал ауіз /ағыз/ (99)–ауыз өзгерістерінің редукция екендігі дәйекті емес. Сондықтан, докторантқа бірқатар дыбыстық өзгерістерді талдау барысында түркі тілдеріне тән, орныққан, теорияларды негіздеп өз тұжырымын нақты жасауды ұсынамыз.</p>
12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі мақалалар (диссертация нысанында сериясы қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары. Мақалаларда Өз-Заманшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегінің тілдік деректерін қазақ тілімен салыстыра зерттеген, ескерткіштер тілінің лексика-грамматикалық сипаты дәйектелген, ескерткіштер тіліндегі сөйлем түрлері, сөз тіркестері талданған, лексиканың толығы жолдары сараланып, Өз-Заманшаридің «Мукаддимат әл-адаб» еңбегінің тіл тарихындағы маңызы дәйектелген.</p> <p>1. «The Lexical and Semantic Analysis of Zamakshari's Dictionary «Muqaddimat AlAdab» and its Relation to the Kazakh Language», International Journal of Society, Culture & Language (IJSCl), 12(1), 2024 ISSN 2329-2210, October 2023, Pages 83-90 https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.2011077.3159</p>

2. (Өз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегінің тілдік ерекшелігі. Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. Арнайы басылым. № 2/2023. Б. 6-13. <https://philart.kaznu.kz>)
3. (Өз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішінің синтаксистік ерекшелігі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы № 1(146)/2024. Б. 41-48. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-41-48>)
3. Есімді тіркестердің жасалу жолдары айқындалған (Өз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» ескерткішіндегі қабыса байланысқан есімді тіркестер. Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. № 2. Астана, 2024. Б. 16-24. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.02>)
4. «Орта ғасыр жазба ескерткіштерінің зерттелу жайы. «Өуезов оқулары-19: Тәуелсіз Қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Шымкент, 2021. Б. 29-31.
5. Өз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегі- түркі халықтарына ортақ мұра. «Өуезов оқулары –19: Тәуелсіз Қазақстанға – 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Шымкент, 2021. Б. 31-34.
6. Ескі түркі тілдеріне ортақ сөздер. И.Арабаев атындағы ҚГУ жаршысы, №3. 2022 ж. Б. 16-21.
7. Өз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегінің тіл тарихындағы маңызы. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жолы: қалыптасуы, дамуы және келешегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Нұр-Сұлтан, 2021. Б. 73-77.
8. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған. «Тәуелсіздік жолы: қалыптасуы, дамуы және келешегі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Өз-Замахшаридің

